

**8D081 – «Өсімдік шаруашылығы» және 8D083 – «Орман шаруашылығы» бағыттары және 6D080700 – «Орман ресурстары және орман шаруашылығы» мамандығы бойынша Философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған Мусаева Биназир Мухтарханқызының «Павлодар облысы МОТР «Ертіс орманы» қарағайлы алқа ағаштарының жағдайына орманшылық баға беру және зиянкестердің әсері» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына
Ресми рецензенттің жазбаша пікірі**

р/н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	<p>1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:</p> <p>1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі);</p> <p>2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы)</p> <p>3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)</p>	<p>Диссертация тақырыбы орман шаруашылығы саласының ғылыми даму бағыттарына, сонымен қатар ҚР білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына, оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу үрдісін ұйымдастыру қағидаларына және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің кәсіптік білім беретін оқу бағдарламасына сәйкес келеді.</p> <p>Диссертациялық жұмыс С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті мен «Ертіс орманы» МОТР РММ арасындағы өзара сенім мен ынтымақтастық туралы Келісім шарт негізінде жүргізілді. (22.04.2014 ж.)</p>
2.	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады, ал оның маңыздылығы ашылған.	Жұмыс ғылымның дамуына зор үлес қосады, зерттеу тақырыптарының маңыздылығы жақсы ашылған. Диссертациялық жұмысты орындау барысында «Ертіс орманы» МОТР РММ қарағайлы алқа ағаштарының жағдайын орманшылық тұрғысынан бағалау және зиянкестердің теріс әсерін анықтай отырып, зиянкестердің тізімін жасау

			жүргізілген, бұл зерттеу жұмысы болашақта сол аудандарда табиғи жанару мен екпе орманды қалыптастыруда зиянкестер ошағынан таза алқа ағаштың қалыптасуына жағдай жасау үшін маңызды және өзекті мәселе болып табылады.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары;	Диссертацияны орындау барысында зерттеулер мен олардың нәтижелерін алуда автор жеке өзі жүргізген және ғылыми кеңесшімен бірге зерттеу бағыттары мен әдістерін таңдаған. Далалық және аналитикалық жұмыстарды, талдау, өңдеу және алғашқы деректерді жүйелеу жұмыстарын ізденуші «С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті» АҚ және Варшава Жаратылыстану университетінің зертхана базасында атқарған. Сондықтан осы базаларды қолдана отырып, отандық және шет елдік ғалымдардың еңбектеріне сүйене отырып, диссертациялық жұмыстың деңгейін сапалы түрде көтерген.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) негізделген;	Диссертациялық жұмыстың өзектілігінің негіздемесі, бұл орманға жүргізген энтомологиялық зерттеулер орманның санитарлық жағдайын тексере келіп, осы зиянкестермен күресу жағдайын да ойластырады немесе олардың алдын алу шараларын жасайды. Осы бағыттағы ғылыми зерттеу жұмыстардың қолға алынуы «Ертіс орманы» МОТР РММ қарағайлы алқа ағаштарының жағдайына әсер ететін мәліметтердің қазақ тілінде ұсынылып отырғандығы және зиянкес тізімдері, осы аймақтағы орман шаруашылығы мекемелері мен сала мамандары үшін үлкен көмек.
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды 1) айқындайды;	Диссертацияның мазмұны диссертация тақырыбына сәйкес қойылған зерттеудің мақсаты мен міндеттерін толық көрсетеді.

		<p>4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) сәйкес келеді;</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді. Зерттеу жұмысының мақсаты: «Ертіс орманы» МОТР РММ қарағайлы алқаағаштарының жағдайын орманшылық тұрғысынан бағалау және зиянкестердің теріс әсерін анықтау. Осыған сәйкес міндеттері Ертіс орманы» МОТР РММ қарағайлы алқа ағаштарына зиянкестердің әсерін анықтау мақсатында ТСА аудандарын әртүрлі санитарлық жағдайда құрып, салыстыра отырып талдау; зиянкестердің тізімін жасау және коллекциясын құру жұмыстарын жүргізген.</p>
		<p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан: 1) толық байланысқан;</p>	<p>Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан. Диссертациялық жұмыс компьютерлік мәтіннің 163 бетінде ұсынылған және кіріспеден, әдебиеттерге шолудан, зерттеу материалдары мен әдістерінен, зерттеу нәтижелерінен, қорытынды мен практикалық таңдау бойынша ұсыныстардан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен, 5 қосымшадан тұрады. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық және толығымен өзара байланысты.</p>
		<p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) сыни талдау бар;</p>	<p>Автордың ұсынған жаңа шешімдері (қағидалары, әдістері) белгілі шешімдермен салыстырғанда дәлелденіп, бағаланады. Шешімдері, зерттеу нәтижелері дәлелденген, оларда шетелдік және отандық ғалымдардың заманауи зерттеулерімен сілтемелер бере отырып байланысын анықтаған, сыни талдау жасалған.</p>
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	<p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма? 1) толығымен жаңа;</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың ғылыми жаңашылдығы бар, ғылыми нәтижелер мен қағидаттар толығымен жаңа болып табылады. Ғылыми жұмысты орындау барысында, алдына қойған мақсат пен міндеттерді орындау үшін келесідей нәтижелерге қол жеткізген: «Ертіс орманы» МОТР РММ</p>

			<p>ормандарының санитарлық жағдайын орманшылық тұрғысынан бағалау жүргізілді. «Ертіс орманы» МОТР РММ қарағайлы сүректіңдеріне орман зиянкестерінің әсері анықталды, резерваттың соңғы 10 жылда болған өрттердің қарқындылығы мен табиғаты, оның себептері және салдарына талдау жүргізілді. «Ертіс орманы» МОТР РММ қарағайлы алқа ағаштарына зиянкестердің әсерін анықтау мақсатында тұрақты сынақ алаңдарының аудандарын әртүрлі санитарлық жағдайда құрып, салыстыра отырып талдау жасалынды; зиянкестердің тізімін жасау және коллекциясын құру жүзеге асырылды. «Ертіс орманы» МОТР РММ-де орман қорғаудың орманшылық шаралары қарастырылды.</p>
		<p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма? 1) толығымен жаңа;</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың қорытындылары сөзсіз жаңа болып табылады. Алғаш рет «Ертіс орманы» МОТР РММ қарағайлы алқа ағаштарының жағдайын орманшылық тұрғысынан бағалау және зиянкестердің теріс әсерін анықтай отырып, зиянкестердің тізімін жасау жүргізіліп отыр.</p>
		<p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) толығымен жаңа;</p>	<p>Мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізу үшін қолданылатын техникалық, технологиялық шешімдер жаңа және негізделген болып табылады.</p>
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	<p>Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)</p>	<p>Негізгі қорытындылары қойылған мақсаттар мен міндеттерге сәйкес орындалған, тәжірибелік - эксперименттік жұмыстарды талдау барысында алынған жүргізіліп жатқан зерттеулердің нәтижелері ғылыми негізделген, шетелдік және отандық әдебиеттерге сілтемелер бере отырып талқыланады.</p>
7.	Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар	<p>Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет: 7.1 Қағидат дәлелденді ме? 1) дәлелденді; 7.2 Тривиалдыма?</p>	<p>Қорғауға шығарылатын ғылыми тұжырымдары келесідей: «Ертіс орманы» МОТР РММ ауданындағы кәдімгі қарағай сүректіңдерінің қазіргі жағдайына</p>

		<p>1) жок; 7.3 Жаңама? 1) ия; 7.4 Қолдану деңгейі: 3) кең 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) ия;</p>	<p>сипаттама. «Ертіс орманы» МОТР РММ ауданындағы кәдімгі қарағай сүрекдіңдерінің санитарлық жағдайын орманшылық тұрғысынан бағалау. «Ертіс орманы» МОТР РММ ауданындағы қарағайлы сүрекдіңдеріне зиянкестердің әсері. «Ертіс орманы» МОТР РММ орман санитарлық жағдайының күрт төмендемеуін алдын алу және зиянкестермен күресу ұсынысын дайындау толығымен жаңа деректер болып табылады. Зерттеу нәтижелерін еліміздің жоғарғы оқу орындарында «орман қорғау» пәндерінің оқу үрдісіне еңгізуге ұсынылған, сонымен қатар диссертациялық жұмыс нәтижелері ҚР БҒМ Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынған баспаларда, халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциялар материалдары негізіндегі жарияланымдарда, Web of Science деректер базасына енгізілген халықаралық ғылыми басылымдағы мақалалардың болуымен расталады.</p>
8.	Дәйектілік принципі Дерек көздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	<p>8.1 Әдістеменің тандауы – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған 1) ия;</p> <p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) ия;</p> <p>8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер,</p>	<p>Зерттеу әдістемесін тандау негізделген және диссертацияның тиісті бөлімінде жеткілікті түрде егжей-тегжейлі сипатталған. Диссертациялық жұмыста заманауи және дәстүрлі зерттеу әдістерін пайдаланған.</p> <p>Анықтау жұмыстары I. Lobl, A. Smetana (eds) Stenstrup, 2003-2011 палеарктикалық қаттықанаттылар каталогы арқылы жүргізілген. Сынақ алаңдарында дің зиянкестерін анықтау мақсатында «Netocia» кедергілі тұзағы орнатылған. Зерттеу нәтижелерінің статистикалық өңдеу жұмыстарына «Statistica 13.3» қолданылған, компьютерлік технологиялар көмегімен түрлі сызбалар, кестелер, диаграммалар құрастырылды.</p> <p>Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара</p>

		<p>анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулер мен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) ия;</p>	<p>байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулер мен дәлелденген және расталған: Зерттеу ауданында салыстырмалы түрде алынған өртең, дауыл сұлатпа, екпе және табиғи өскен қарағайлы сүрекдіңдердің орман типтері анықталған.</p> <p>Сүрекдің зиянкестерін анықтау мақсатында ТСА жалпы саны 30 дана кедергілі тұзақ қойылып, оны мамыр айынан қыркүйек айы аралығында 3-5 мәрте жинау арқылы дің зиянкестерінің үлгілерін алған. Үш жыл жүргізілген жинау жұмыстарынан жалпы саны 3830 дана жәндіктер жиналып, олардың түрі мен дің зақымдау дәрежесі анықталған. Дің зиянкестері мен жәндіктердің түрі Польша мемлекеті Варшава жаратылыстану университетінің зертханаларында білікті мамандармен бірлесе отырып анықтау жұмыстары жүргізілген.</p>
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған	Маңызды мәлімдемелер, эксперименттік жұмыстардың нәтижелері ғылыми талқылауға ие және нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталады.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті	Диссертацияны жазу кезінде отандық және шетелдік авторларды қосқанда 191 әдебиет көзі пайдаланылды және әдеби шолуға жеткілікті деп ойлаймын.
9	Практикалық құндылық принципі	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: 1) ия;	Диссертациялық жұмыстың теориялық маңызы бар: Павлодар облысы, «Ертіс орманы» МОТР РММ жүргізілген зерттеулер нәтижелері, қарағайлы алқа ағаштарының жағдайын орманшылық тұрғысынан бағалауды және зиянкестердің теріс әсерін анықтауға мүмкіндік береді. Бұл жұмыс орман шаруашылығында орманды орман зиянкестерінен, өртең ауданның санитарлық жағдайын бағалауда және онда пайда болатын зиянкестерімен күрес жүргізу, орман екпелерінің және дауыл сұлатпалы сүрекдіңдердің санитарлық жағдайларын қадағалау үшін

			пайдаланылады.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) ия;	Зерттеулердің тәжірибелік маңызы бар: «Ертіс орманы» МОТР РММ-ге өрттен кейін, дауыл сұлатпадан сонымен қатар зиянкестерді анықтау барысында, орман патологиялық жұмыстарды жүргізу барысында қолдануға болады. Сондай-ақ, зерттеулерден алынған ғылыми нәтижелер С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті және Торайғыров университетіне «Орман ресурстары және орман шаруашылығы» кафедрасының «Орман қорғау» пәні бойынша оқу үрдісіне енгізілу қарастырылған.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады? 1) толығымен жаңа;	Практикалық ұсыныстар толығымен жаңа болып табылады, «Ертіс орманы» МОТР РММ қарағайлы алқа ағаштарының жағдайын орманшылық тұрғысынан бағалау және зиянкестердің теріс әсерін анықтай отырып, зиянкестердің тізімін жасау, бұрын тәжірибеге ұсынылмаған.
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары;	Академиялық жазбаның сапасы жоғары. Диссертация құрылымы мен мазмұнын ресімдеу ғылыми жұмыстарға қойылатын талаптарға сәйкес келеді. Мусаева Б.М. диссертациясы ғылыми біліктілік жұмыстарына қойылатын талаптарға сәйкес орындалған.

Шешім: 8D081 – «Өсімдік шаруашылығы» және 8D083 – «Орман шаруашылығы» бағыттары және 6D080700 – «Орман ресурстары және орман шаруашылығы» мамандығы бойынша Мусаева Биназир Мухтарханқызына философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін беру жөнінде ұсынылады.

Ресми рецензент:

БҰҰДБ-ның Биоалуантүрлілікті сақтау жөніндегі жобалардың менеджері, Ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты (PhD), доцент

Talgat Kerteshev
 Lecturer/Manager/Biodiversity
 Sustainable Development and Urbanization Unit

Т. Кертешев